

МАЗМҰНЫ

Жоғарғы Сот қылмыстық және әкімшілік істер бойынша сот актілерін құрастыру әдістемесін жетілдіруде2

«Сот үкімі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 4 нормативтік қаулысы8

«Әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі іс бойынша соттың қаулысы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 5 нормативтік қаулысы49

«Зандық маңызы бар фактілерді анықтау жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 28 маусымдағы № 13 нормативтік қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 6 нормативтік қаулысы70

«Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының кейбір нормативтік қаулыларына азаматтық және азаматтық процестік заңнама бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 7 нормативтік қаулысы78

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының қаулылары90

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының қаулылары107

СОДЕРЖАНИЕ

Верховный Суд совершенствует методику составления судебных актов по уголовным и административным делам5

Нормативное постановление Верховного Суда от 20 апреля 2018 года № 4 «О судебном приговоре»28

Нормативное постановление Верховного Суда от 20 апреля 2018 года № 5 «О постановлении суда по делу об административном правонарушении»59

Нормативное постановление Верховного Суда от 20 апреля 2018 года № 6 «О внесении изменений и дополнений в нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 28 июня 2002 года № 13 «О судебной практике по делам об установлении фактов, имеющих юридическое значение»74

Нормативное постановление Верховного Суда от 20 апреля 2018 года № 7 «О внесении изменений и дополнений в некоторые нормативные постановления Верховного Суда Республики Казахстан по гражданскому и гражданскому процессуальному законодательству»84

Постановления судебной коллегии по гражданским делам Верховного Суда Республики Казахстан90

Постановления судебной коллегии по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан107

Жоғарғы Сот қылмыстық және әкімшілік істер бойынша сот актілерін құрастыру әдістемесін жетілдіруде

2018 жылғы 20 сәуірде Жоғарғы Сотта Жақып Асановтың төрағалығымен кезекті жалпы отырыс өтті.

Оның жұмысына Жоғарғы Соттың судьялары, ғылыми - консультативтік кеңес мүшелері, Конституциялық Кеңестің, Бас прокуратураның, Әділет, Ішкі істер министрліктерінің, сондай-ақ «Атамекен» ҰКП және адвокатура өкілдері қатысты.

Күн тәртібінде Жоғарғы Соттың бес нормативтік қаулысының жобасы және жоғары сот органы жалпы отырысының регламентіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесі қаралды. Жалпы отырыстың неғұрлым маңызды нормативтік қаулыларды талқылау бөлігі Интернетте онлайн режимде көрсетілді.

Отырысты сөз алған Жоғарғы Сот судьясы Ербол Рахымбеков «Сот үкімі туралы» нормативтік қаулының жобасын таныстырды. Оны әзірлеудегі басты мақсат қылмыстық-процестік заңнамада көзделген үкімнің пішіні мен мазмұнына қойылатын талаптарды судьялардың бұлжытпай сақтау қажеттігінен туындап отырғандығын атап өтті. Үкімдердің барлық түрлерінің құрылымын қайта қарап, шұбалаңқы сөздерден бас тартып, оларды қысқа әрі нұсқа дайындау тәртібі ұсынылды. «Үкімдерде іске тікелей қатысы бар оқиғаларды ғана көрсету қажет. Көп эпизодты істерде оқиғалардың хронологиясын сақтап, эпизодтардың арасын цифрлық белгілермен бөлу керек. Үкімнің сипаттамалық және уәждемелік бөліктерін бөліп, соңғысының сапасын арттыру қажет», - деді судья.

Нормативтік қаулыда сот отырысында үкім жарияланғаннан кейін оның мәнін түсіндіруге соттың міндетті екендігі туралы толықтыру енгізілді.

Сөз кезегін алған Жоғарғы Сот судьясы Гүлжан Әлмағамбетова «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша сот қаулысы туралы» нормативтік қаулысының жобасын көпшілік қауымның назарына ұсынып, осы қаулының алғаш рет қабылданғалы отырғандығын тілге тиек етті. Аталған



қаулыны қабылдау әкімшілік істер бойынша қаулыларды шығарудың біркелкі сот практикасын қамтамасыз ету қажеттігінен туындап отыр. Нормативтік қаулы соттар мен мемлекеттік органдар үшін қаулыларды әзірлеудегі белгілі-бір «ереже» болмақ. Қаулы тілдік сауаттылық тұрғысынан мінсіз болуы және құқықтық нормаларды сақтай отырып шығарылуы тиістігі көрсетілді.



Г. Әлмағамбетова «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жалпы отырысының регламентіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» мәселеге тоқталды. Түзетулер енгізуге заңнаманың қарқынды жаңаруы негіз болған. Регламентке сәйкес нормативтік қаулыға нормалардың мазмұнына қатысты емес редакциялық түзетулер енгізу қажет болған жағдайда нормативтік қаулыға өзгерістер енгізудің жеңілдетілген рәсімін қарастыру ұсынылды. Кадрлық мәселелерді қарастыру барысында Жоғарғы Соттың жалпы отырысының уәжделген қорытындысын шығару көзделді. Облыстық сот судьясына кандидаттың облыстық соттың жалпы отырысының қорытындысына қатысты шағымын қарастыру рәсімі регламенттелді.



Жоғарғы Сот судьясы Валерий Ноздриннің айтуынша, «Заңдық маңызы бар фактілерді анықтау туралы істер бойынша сот практикасы туралы» нормативтік қаулының жобасы осы санаттағы істерді қарау барысында судьяларға көмек көрсетуге бағытталған. Айталық, нормативтік қаулыда заңдық маңызы бар фактіні соттан тыс тәртіпте анықтаудың дауды сотқа дейін шешу тәртібінен айырмашылықтары көрсетілген. Заңды фактіні соттан тыс тәртіпте анықтау ұғымына түсіндірме берілген. Сот анықтауы мүмкін фактілердің тізбесі (еңбек өтілін есептеу үшін белгілі бір кәсіпорында немесе жекелеген адамға жұмыс істеу, нақты бір әйелдің бала тууы, отанымызға қайта оралған қандастарымыздың туу фактісін тіркеу) кеңейтілді.

Жоғарғы Соттың судьясы Рәзия Қуанышбаева «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының кейбір нормативтік қаулыларына азаматтық және азаматтық процестік заңнама бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» нормативтік қаулының жобасын



әзірлеуге Қазақстан Республикасы Азаматтық процесілік кодексіне, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексіне, «Прокуратура туралы» заңға енгізілген түзетулер мен Салық кодексінің қабылдануы негіз болғандығын атап өтті. Түзетулер редакциялық сипатқа ие, қолданыстағы нормативтік қаулылар мен заңнама арасындағы қайшылықтар мен әркелкі түсініктерді жоюға бағытталған.

Жоғарғы Соттың судьясы Роза Жакудина «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының кейбір нормативтік қаулыларына қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнама бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» мәселе бойынша сөз сөйледі. Ол талқылауға ұсынылып отырған нормативтік қаулылардың жобаларын қабылдауға қолданыстағы заңнамаға енгізілген өзгерістердің негіз болғандығын атап өтті. Түзетулер негізінен редакциялық сипатта және олар Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодекс» мен Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің ережелеріне сәйкес болып отыр.

Сонымен қатар қылмыстық істердің жекелеген санаттарын қарау барысындағы біркелкі сот практикасын қалыптастыруға бағытталған мазмұндық сипаттағы түзетулер де көзделген.

Жалпы отырысқа қатысушылар нормативтік қаулылардың жобаларын талқылап, оған бірауыздан дауыс берді.



Редакциялық алқа

Верховный Суд совершенствует методику составления судебных актов по уголовным и административным делам

20 апреля 2018 года состоялось очередное пленарное заседание Верховного Суда Республики Казахстан под председательством Жакыпа Асанова.

В работе пленарного заседания приняли участие судьи Верховного Суда, члены научно-консультативного совета, представители Конституционного Совета, Генеральной прокуратуры, министерств юстиции, внутренних дел, а также представители НПП «Атамекен» и адвокатуры.

На повестке дня – обсуждение пяти проектов нормативных постановлений Верховного Суда (далее – НП), а также внесение изменений и дополнений в Регламент пленарного заседания высшего судебного органа. По наиболее важным НП работа пленарного заседания транслировалась в Интернете в режиме онлайн.

Представляя проект НП «О судебном приговоре», судья Верховного Суда Ербол Рахимбеков отметил, что его разработка обусловлена необходимостью неукоснительного соблюдения судьями требований уголовно-процессуального закона, предъявляемых к форме и содержанию приговора. Предложено пересмотреть структуру всех видов приговоров: отказаться от громоздкости в сторону краткости и лаконичности. «Необходимо отражать только те события, которые имеют непосредственное отношение к делу.

В многоэпизодных делах соблюдать хронологию событий, а эпизоды подразделять цифровыми обозначениями. Разделить описательную и мотивировочную части приговора, усилив требования к последней», - считает он.

В НП внесено дополнение об обязанности суда разъяснить сущность приговора в том же судебном заседании после его оглашения.

Говоря о проекте НП «О постановлении суда по делу об административном правонарушении», судья Верховного Суда Гульжан Альмагамбетова подчеркнула, что такое НП принимается впервые.



Это продиктовано необходимостью обеспечения единообразия судебной практики по вынесению постановлений по административным делам. НП явится определенным «правилом» составления постановлений, как для судов, так и для госорганов. Указано, что постановление должно быть безупречным в части языковой грамотности с соблюдением правовых норм.



Г.Альмагамбетова также выступила по вопросу «О внесении изменений и дополнений в Регламент пленарного заседания Верховного Суда». Необходимость поправок вызвана стремительным обновлением законодательства. Предложено предусмотреть в Регламенте упрощенную процедуру внесения изменений в НП в случае необходимости внесения редакционных поправок, не затрагивающих содержание норм. При рассмотрении кадровых вопросов предусмотрено вынесение мотивированного заключения пленарного заседания Верховного Суда. Регламентирована процедура рассмотрения жалобы кандидата в судьи областного суда на заключение пленарного заседания областного суда.



Проект НП «О судебной практике по делам об установлении фактов, имеющих юридическое значение», по словам судьи Верховного Суда Валерия Ноздрина, направлен на оказание помощи судьям в рассмотрении такой категории дел. Так, в НП различается досудебный порядок разрешения спора от внесудебного порядка установления юридического факта.

Разъяснено понятие внесудебного порядка установления факта. Расширен перечень фактов, которые могут быть установлены судом (работа на определенном предприятии или у другого лица для исчисления трудового стажа, рождение ребенка женщиной, регистрация рождения детей у лиц, прибывших на историческую родину).

Разработку проекта НП «О внесении изменений и дополнений в некоторые нормативные постановления Верховного Суда РК по гражданскому и гражданскому процессуальному законодательству» судья Верховного Суда Разия Куанышбаева объяснила внесением поправок в Гражданский



процессуальный кодекс, Кодекс «О браке (супружестве) и семье», Закон «О прокуратуре» и принятием Налогового кодекса. Поправки носят редакционный характер, направлены на устранение противоречий и разночтений между действующими нормативными постановлениями и законодательством.

По вопросу «О внесении изменений и дополнений в некоторые нормативные постановления Верховного Суда РК по уголовному и уголовно-процессуальному законодательству» выступила судья Верховного Суда Роза Жакудина. Она отметила, что предлагаемые к обсуждению проекты НП продиктованы изменениями в действующем законодательстве. Поправки носят редакционный характер и касаются приведения в соответствие с положениями УК и УПК. Вместе с тем имеются и поправки содержательного характера, направленные на выработку единообразной судебной практики при рассмотрении отдельных категорий уголовных дел.

Участники пленарного заседания обсудили проект НП и единогласно проголосовали за его утверждение.



Редакционная коллегия

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ № 4 НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы «20» сәуір

Астана қаласы

Сот үкімі туралы

Сот үкімі – қылмыстық іс бойынша бүкіл іс жүргізудің қорытындысы шығарылатын құқық қолданудың аса маңызды актісі болып табылады.

Сот практикасын жетілдіру, орын алған кемшіліктерді жою және үкімдердің сапасын жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы мынадай түсіндірмелер беруге қаулы етеді:

1. Заңға сәйкес үкім – Қазақстан Республикасы Конституциясының (бұдан әрі – Конституция) 77-бабының 3-тармағында және Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 2-тарауында көрсетілген сот төрелігі қағидаттарын сақтай отырып, сотталушының кінәлілігі немесе кінәсіздігі және оған қатысты қылмыстық жазаны қолдану немесе қолданбау мәселесі бойынша бірінші және апелляциялық сатыдағы соттың сот отырысында қылмыстық іс бойынша Қазақстан Республикасының атынан шығарған шешімі.

ҚПК-нің 431-бабы бірінші бөлігінің 4), 5) тармақтарында көзделген шешімдерді қабылдаған кезде апелляциялық саты бірінші сатыдағы сот үкімінің (қаулысының) күшін жою туралы шешім шығарады, одан кейін ҚПК-нің 46-тарауының талаптарын сақтай отырып, жаңа үкім шығарады.

Үкім барлық мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, заңды тұлғалардың, лауазымды адамдардың, азаматтардың бәріне бірдей міндетті және бұлжытпай орындауға жатады.

Үкімнің мемлекеттің атынан шығарылуы, маңыздылығы судьялардан оның заңды және негізді болуы үшін ерекше жауапкершілік сезінуді талап етеді.

2. Үкім, егер ол оның сотқа қарастылығы қағидалары сақталып, тараптарға дәлелдемелерді тең негізде зерттеуге мүмкіндік беру қамтамасыз етіле отырып, тараптардың жарыспалылығы мен тең құқықтылығы қағидатының негізінде сот талқылауын жүргізу туралы қылмыстық-процестік заңның талаптарына сәйкес, құқық нормалары дұрыс қолданыла отырып соттың заңды құрамымен шығарылса, заңды болып табылатынын соттардың ескергені жөн.

Заң талаптары сақтала отырып жиналған және тікелей сот отырысында толық, объективті және жан-жақты зерттеліп, талданған әрі тиісті баға берілген дәлелдемелерге негізделген, сот түйіндері уәждеделген үкім негізді болып табылады.

3. Сот қабылдаған шешімдердің мазмұнын толық ашуға ықпал ететін үкімнің процестік нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарды регламенттейтін процестік нормаларды сақтау маңыздылығына соттардың назары аударылсын. Ол нысаны мен мазмұны бойынша ҚПК-нің 395, 396, 397, 398, 399, 400, 401-баптарының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Үкімді дайындаған кезде заң техникасын және сот актілерін жасау параметрлері мәселелерін регламенттейтін сот жүйесінің ішкі құжаттарын басшылыққа алу қажет.

4. Үкім сот ісін жүргізу тілінде, мағынасы бірдей сөздерді қайталамай, шұбатылған сөйлемдерсіз, анық, түсінікті түрде жазылуға тиіс. Үкім дәйекті түрде жазылады, ондағы әрбір жаңа жағдай алдыңғы жағдайдан туындап, онымен логикалық жағынан үйлесімді болуға тиіс. Қаралып жатқан іске қатысы жоқ оқиғаларды сипаттауға, анық емес тұжырымдарды, ресми құжаттарда қолданылмайтын қысқартулар мен сөздерді қолдануға жол берілмейді. Процеске қатысушылардың айғақтары үшінші жақта келтіріледі және қаралып отырған іске қатысты нақты мәліметтерді ғана қамтуы тиіс. Сот отырысы дыбыс-, бейнежазба құралдарымен жазылып алынған жағдайда, аталған адамнан жауап алу файлының нөмірі мен уақытын көрсету қажет.

ҚПК-нің 395-бабының бесінші бөлігіне сәйкес үкімге түзетулер кеңесу бөлмесінде ғана енгізіледі, олар үкімнің тиісті бетінде айтылып, судьяның қолымен куәландырылуы тиіс. Үкім жарияланғаннан кейін оған қандай да болмасын түзетулер енгізуге жол берілмейді. Үкімдегі барлық мәселелер оны орындаған кезде қиындық тудырмайтындай болып шешілуге және жазылуға тиіс. Үкімнің толық мәтіні кеңесу бөлмесінде дайындалып, оған судья қол қояды, одан кейін ол істі талқылау аяқталған сол сот отырысында жарияланады. Үкімнің көшірмесі сотталғанға немесе ақталғанға, қорғаушы мен айыптаушыға ол жария етілгеннен кейін бес тәулік ішінде, ал көлемі ауқымды болған кезде – он бес тәуліктен кешіктірілмей табыс етілуге тиіс. Процестің басқа қатысушыларына үкімнің көшірмесі өтінішхат түскен сәттен бастап сол мерзімде табыс етіледі.

Үкім жарияланғаннан кейін төрағалық етуші қабылданған шешімнің мәнін түсіндіреді, ол туралы сот отырысының хаттамасында белгі жасалады.

Осы сот отырысында төрағалық етуші үкімге шағым беру мерзімі мен тәртібін, оны орындау тәртібін, үкімді орындамау салдарларын және ҚПК-нің 402-бабында көзделген өзге де мәселелерді түсіндіруге тиіс.

Заңда белгіленген жазбаша нысанда жасалмаған және судья қол қоймаған ауызша түйіндерді жариялау сот үкімі болып табылмайды.

5. Бір сот талқылауында әрбір іс бойынша сотталушылардың санына қарамастан тек бір ғана үкім шығарылатыны соттарға түсіндірілсін. Егер сотталушыға бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп айып

тағылса, сот негіздер болған жағдайда айыптаудың кейбір эпизодтары бойынша ақтау, басқа эпизодтары бойынша соттау жөнінде үкім шығарады.

Сот бірнеше адамға қатысты істі қарау барысында анықталған мән-жайларға сәйкес бір үкімде біреулерін ақтау жөнінде, енді біреулерін айыпты деп тану туралы шешім шығара алады.

6. Егер сот қылмыстық құқық бұзушылық жасалғанын, осы қылмыстық құқық бұзушылықты сотталушы жасағанын, оны жасағаны үшін кінәлі екенін, кінәсі заң талаптары сақтала отырып жиналған дәлелдемелермен расталғанын даусыз анықтаса, айыптау үкімі шығарылады. Бұл ретте іс бойынша іс жүргізуді тоқтату үшін негіздер және істі прокурорға жіберуге ҚПК-нің 323-бабында көзделген негіздер болмауға тиіс. Егер сот кінәсіздік презумпциясын басшылыққа ала отырып, барлық дәлелдемелерді тікелей зерттеп, барлық сейілмеген күдіктерді тиісті құқықтық рәсімнің шеңберінде сотталушының пайдасына шеше отырып, ҚПК-нің 390-бабында көзделген барлық сұрақтарға жауап берген жағдайда ғана адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәсі дәлелденген деп танылады.

7. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кінәлі адамға қатысты сотталушы өтеуге тиіс қылмыстық жазаны тағайындау жөніндегі айыптау үкімі, егер ол жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жазалануға жатса және жазаны тағайындау мен өтеуге кедергі болмаған жағдайда шығарылады.

8. Егер сот отырысында заңда көзделген мән-жайлар, атап айтқанда: егер үкімді шығарған кезде жасаған қылмыстық құқық бұзушылық үшін сотталушыға тағайындалған жазаны қолданудан немесе жазаны өтеуден босататын рақымшылық жасау актісі шығарылса;

ҚК-нің 62-бабында белгіленген есепке алу қағидаларын ескере отырып, осы іс бойынша сотталушының қамауда болған уақыты сот тағайындаған жазаны сіңірсе, онда ҚПК-нің 393-бабының алтыншы бөлігіне сәйкес айыптау үкімімен қылмыстық жаза тағайындалып және оны өтеуден босатылады.

Қылмыстық теріс қылық, онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адамға қатысты айыптау үкімі төтенше мән-жайлардың салдарынан оның отбасы мүшелері үшін аса ауыр зардапқа әкеп соққан жағдайда да қылмыстық жаза тағайындалып және оны өтеуден босатылып шығарылуы мүмкін (ҚК-нің 76-бабының бірінші бөлігі).

Қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін, бірақ сотқа айыптау актісімен келіп түскен іс бойынша үкім шығарылғанға дейін өзінің іс-әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипатын және қоғамдық қауіптілігін ұғыну мүмкіндігінен айырылған адамның психикасының бұзылуы ҚК-нің 75-бабының бірінші бөлігіне сәйкес қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кінәлі адамның жазасын өтей алмайтын мән-жайлар болып табылады. Мұндай жағдайларда сот жаза тағайындап, оны өтеуден

босату түрінде айыптау үкімін шығарады. Сонымен бірге сот ҚК-нің 93-бабында көзделген медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану қажеттілігі туралы мәселені шешеді.

Қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті есі дұрыс емес адам жасаған болса немесе адам үкім шығарылғаннан кейін жазаның орындалуына мүмкіндік бермейтіндей психикалық ауруға шалдықса, онда сот ҚПК-нің 521-бабы бірінші бөлігінің негізінде қаулы шығарады.

9. Соттың қылмыстық істі рақымшылық актісінің негізінде қысқартуы туралы мәселе ҚПК-нің 321-бабының бірінші бөлігіне сәйкес сотталушының қатысуымен алдын ала тыңдау өткізіліп қаралуға жатады. Осы ретте рақымшылық актісін қолдануға кедергі келтіретін мән-жайлар болмаған жағдайда, сот істі тоқтату туралы қаулы шығарады, онда істі тоқтатудың негіздері мен сотталушының рақымшылық актісін қолдануға келісімі көрсетіледі. Сотталушының келісімі деп сотталушының тағылған айыпты және мәлімделген азаматтық талапты толық мойындауы түсініледі. Істі тоқтату туралы қаулы ҚПК-нің 327-бабының талаптарына сәйкес келуі және азаматтық талапты өндіріп алу мәселелерін шешуі тиіс. Бұл ретте ҚПК-нің 170-бабы бірінші бөлігінің талаптары бойынша сот азаматтық талапты толық қанағаттандыруға тиіс. Сонымен қатар осы қаулыда сот заттай дәлелдемелер туралы мәселені ҚПК-нің 118-бабының үшінші бөлігінде белгіленген тәртіппен шешеді.

Сотталушы өзін кінәлі емеспін деп есептеген немесе азаматтық талаппен келіспеген жағдайда, сот басты сот талқылауын тағайындайды және өткізеді, ал оған негіздер болған жағдайда кінәліге жаза тағайындалып және одан босату туралы айыптау үкімін шығарумен аяқталады.

Егер сот тергеуі барысында рақымшылық актісін қолдану үшін кедергі келтіретін мән-жайлар анықталмаса, онда сот ҚПК-нің 343-бабына сәйкес істі рақымшылық актісіне байланысты тоқтатады.

Қылмыстық жолмен жиналған ақшалар мен өзге де құндылықтар, заңсыз кәсіпкерліктің және контрабанданың нәрселері – заттай дәлелдемелер ретінде танылған қылмыстық істер бойынша рақымшылық актісін қолдану туралы мәселе басты сот талқылауында шешіледі, себебі бұл заттар ҚПК-нің 118-бабы үшінші бөлігінің 4) тармағына сәйкес соттың үкімі бойынша мемлекеттің кірісіне алынуға жатады.

10. Сотталушының қайтыс болуы ҚПК-нің 35-бабы бірінші бөлігінің 11) тармағының және 327, 343-баптарының негізінде қаулы шығару жолымен сот ісін жүргізудің кез келген сатысында тоқтатылатыны соттарға түсіндірілсін. Қайтыс болған адамды ақтау немесе онымен бірге қылмыстық құқық бұзушылық жасаған басқа адамдарға қатысты істі қарау үшін тараптардың өтінішхаты болған кезде, сонымен қатар қылмыстық жолмен алынған мүлікті, тәркілеуге жататын немесе келтірілген зиянның өтелуін қамтамасыз ететін ақшалай қаражаттар мен

өзге де құндылықтарды анықтау үшін іс жүргізу жалғасады және осыларға негіз болған жағдайда қайтыс болған адамға қатысты айыптау үкімі шығарылып аяқталады. Бұл ретте оны қылмыстық заңның тиісті бабы бойынша айыпты деп тану жөніндегі түйін жаза тағайындаусыз үкімнің қарар бөлігінде көрсетіледі.

ҚК-нің 83-бабында көзделген негіздер болған кезде кәмелетке толмағанға қатысты айыптау үкімі қылмыстық жаза тағайындаусыз не қылмыстық жауаптылықтан босату арқылы шығарылады. Бұл ретте кәмелетке толмағанға қатысты тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін.

11. ҚК-нің 71-бабында белгіленген қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімдері өтіп кеткен жағдайда, іс жүргізу ҚПК-нің 35-бабы бірінші бөлігі 4) тармағының, 327 және 343-баптарының негізінде қаулы шығару жолымен алдын ала тыңдау немесе басты сот талқылауы кезінде тоқтатылатынын соттардың ескергендері жөн.

Егер сотталушы істі аталған негіз бойынша тоқтатуға қарсы болса, онда іс жүргізу жалғасады және оған негіздер болған жағдайда айыптау үкімін шығарып, жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін қылмыстық жауаптылықтан босатады.

Басты сот талқылауында, мысалы, қылмыстық құқық бұзушылық қайта сараланған жағдайда, ескіру мерзімінің өтіп кеткені анықталған кезде сот айыптау үкімін шығарып, кінәлі адамды қылмыстық жауаптылықтан босатады.

Өлім жазасы немесе өмірбойына бас бостандығынан айыру тағайындалуы мүмкін қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға ескіру мерзімін қолдану туралы мәселені сот басты сот талқылауында ғана үкім шығару жолымен шешеді. Бұл ретте сот ескіру мерзімін қолдануға, айыптау үкімін шығаруға және адамды қылмыстық жауаптылықтан босатуға құқылы. Егер сот ескіру мерзімінің өтіп кетуіне байланысты адамды қылмыстық жауаптылықтан босатуға мүмкіндік жоқ деп тапса, онда ол ҚК-нің 71-бабының бесінші бөлігіне сәйкес айыптау үкімін жаза тағайындай отырып шығарады.

12. Сот ҚПК-нің 36-бабының бірінші бөлігіне сәйкес іс бойынша іс жүргізуді қаулымен тоқтатуға не кінәлі адамның шын өкінуіне, жәбірленушімен татуласуына, оның ішінде медиация тәртібімен татуласуына және қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан туындаған үрейлену, қорқу немесе сасқалақтау салдарынан қажетті қорғаныс шегінен шыққан кезде, кәмелетке толмағанның психикасының бұзылуына байланысты емес психикалық дамуы жағынан артта қалған кезде келтірілген зиянды қалпына келтірумен байланысты ақталмайтын негіздер бойынша, яғни ҚК-нің 65-бабының бірінші бөлігінде, 66, 67-баптарында, 68-бабының екінші және үшінші бөліктерінде, 83-бабының бірінші бөлігінде, 15-бабының үшінші бөлігінде көзделген жағдайларда және Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлігінде тікелей көзделген қылмыстық жауаптылықтан

босатудың басқа да ақталмайтын негіздері бойынша кінәлі адамды қылмыстық жауаптылықтан босата отырып айыптау үкімін шығаруға құқылы.

ҚК-нің 125, 175, 253 (1-тармағы), 255, 261, 267, 287, 288, 296 (2-тармағы), 347, 367 (2-тармағы), 426, 442, 444, 445, 446, 447, 453 - баптарының ескертпелерінде көрсетілген мән-жайлар да айыптау үкімін қылмыстық жауаптылықтан босата отырып шығаруға әкеп соқтыратын, ақталмайтын негіздерге жатады.

Осы барлық жағдайларда, егер тараптардың арасында қылмыстық жауаптылықтан босатуға әкеп соқтыратын мән-жайлардың болуы туралы дау орын алмаса, іс бойынша іс жүргізу алдын ала тыңдау немесе басты сот талқылауы сатысында ҚПК-нің 35-бабы бірінші бөлігінің 12) тармағы, 36-бабы бірінші бөлігі, 327 және 343-баптарының негізінде қаулымен тоқтатылады.

Аталған негіздер бойынша айыптау үкімі ҚПК-нің 393-бабының бесінші бөлігіне сәйкес басты сот талқылауы аяқталғаннан кейін ғана қылмыстық жауаптылықтан босата отырып шығарылады.

13. ҚПК-нің 393-бабының сегізінші бөлігіне сәйкес жаза тағайындау және жазаны өтеуді кейінге қалдыру жөніндегі айыптау үкімі ҚК-нің 74-бабы бірінші бөлігінің негізінде, осы нормада белгіленген шектеулер ескеріле отырып, жүкті әйелдерге және жас балалары бар әйелдерге, жас балаларды бір өзі тәрбиелеп отырған еркектерге қатысты шығарылады.

ҚК-нің 76-бабының екінші бөлігінің негізінде, осы нормада белгіленген шектеулер ескеріле отырып, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған адамдарға қатысты жаза тағайындау және жазаны өтеуді кейінге қалдыру жөніндегі айыптау үкімі төтенше жағдайлар салдарынан оның отбасы мүшелеріне аса ауыр зардаптар төнген жағдайда шығарылады.

Бұл ретте ҚК-нің 74-бабының бірінші бөлігінде немесе 76-бабының екінші бөлігінде көрсетілген негіздердің ең болмағанда біреуі орын алса, бұл жазаны өтеуді кейінге қалдыру туралы мәселені талқылауға және уәждерді келтіре отырып шешуге соттарды міндеттейтінін олардың ескергені жөн.

14. Үкімнің кіріспе бөлігі ҚПК-нің 396-бабының талаптарына сәйкес келуі және ол Қазақстан Республикасының атынан шығарылатыны туралы көрсетіліп басталуы тиіс. Үкімнің шығарылған күні оның жарияланған күні, айы, жылы болып табылады. Шығарылған жері үкім қаралған және оған істі алқалы құрамда қараған кезде төрағалық етуші мен соттың құрамы қол қойған қала немесе өзге де елді мекен болып табылады.

Сонымен бірге үкімнің осы бөлігінде үкім шығарған соттың толық және нақты атауы, лауазымдары көрсетілген сот құрамы, мемлекеттік айыптаушы, қорғаушы, сот отырысының хатшысы, аудармашы, процеске қатысушы өзге де адамдар, егер қатысқан болса, олардың өкілдері көрсетілуі тиіс. Үкімнің кіріспе бөлігінде аталған әр адамның тегі ғана емес,

сонымен бірге аты-жөні көрсетілуі тиіс. ҚПК-нің 396-бабының 4) тармағында көрсетілген сотталушы жөніндегі барлық мәліметтер көрсетіледі. Бұл ретте сотталғанның аты, әкесінің аты, тегі туған жері, жылы, айы, күні оның жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес келуі тиіс.

Істің ашық немесе жабық отырыста қаралғаны, сот дыбыс-бейне жазбасын қолданғаны, жеделдетілген сотқа дейінгі тергеу тәртібімен аяқталған істің қаралғаны, оның қысқартылған тәртіппен, келісімдік тәртіппен, бұйрық арқылы іс жүргізу немесе жеке айыптау тәртібімен қаралғаны да осында көрсетіледі.

15. Соттарға қылмыстық іс үшін маңызы бар сотталушының жеке басы туралы өзге де мәліметтерге жаза тағайындағанда, қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің түрін белгілеген кезде, қылмыстың қайталану түрін анықтағанда, әрекетін саралағанда ескерілетін деректер жататыны түсіндірілсін. Оларға жойылмаған және алынып тасталмаған соттылықтары, рақымшылық жасау актісін қолдану, сотталушының мүгедектігі туралы және басқа да мәліметтер жатады.

Жойылмаған соттылығы туралы мәліметтер келтірілген кезде сотталған күні, қылмыстық заң, жазалау шарасы, жазаны бас бостандығынан айыру мекемелерінде өтеуі, жазадан босатудың негізі мен күні көрсетіледі. Сотталушыны бұрын соттаған соттың атауы, егер тағайындалған жаза өтелмесе және жаңа жаза қылмыстардың жиынтығы немесе үкімдердің жиынтығы бойынша тағайындалуы мүмкін болған жағдайда ғана көрсетіледі.

Жойылған және алынып тасталған соттылықтар үкімнің кіріспе бөлігінде көрсетілмейді. Сотталушыға бұрын рақымшылық актісі қолданылған жағдайда және бұл мән-жай жаңадан қабылданған рақымшылық актісін қолдану туралы мәселені шешу үшін маңызды болған жағдайда осы мәліметтер көрсетіледі.

Үкімнің кіріспе бөлігінде сотталушы айыпталып отырған және ол бойынша сотқа берілген қылмыстық құқық бұзушылықты көздейтін қылмыстық заң (бабы, бөлігі, тармағы) көрсетілуге тиіс. Алдын ала тыңдау немесе басты сот талқылауы барысында айыптау өзгертілген жағдайда, сотталушыға қай қылмыстар жасағаны үшін түпкілікті айыптың тағылғаны көрсетіледі.

16. Үкімнің сипаттау-уәждеу бөлігінің сот отырысында зерттелген дәлелдемелерге сәйкес келуі заңды үкім шығару шарттарының бірі болып табылады. Осы бөлікті әзірлеген кезде сот ҚПК-нің 397-бабының талаптарын орындауға міндетті.

Үкімнің сипаттау бөлігінде сот дәлелденді деп тапқан қылмыстық әрекеттің сипаттамасын, ол жасалған жерді, уақытты, оны жасау тәсілін, айып нысанын, қылмыстық құқық бұзушылықтың уәждері мен салдарларын қамтуы тиіс. Егер қылмыстық құқық бұзушылықты адамдар тобы, алдын ала сөз байласқан адамдар тобы немесе ұйымдасқан топ

жасаса, онда әр сотталушының нақты қылмыстық әрекеттері сипатталуға тиіс.

Көп эпизодты қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша үкімді дайындаған кезде оқиғалардың хронологиясын, дәйектілігін өзара байланыста сақтау қажет. Эпизодтардың сипатталуын 1, 2, 3 және т.б. цифрлармен нөмірлеуге болады.

Үкімнің уәждеу бөлігінде сотталушының тағылған айыпқа көзқарасы көрсетіледі. Сотталушының тағылған айыпқа көзқарасы оның нақты тұжырымдалған ұстанымын, айыпты толық немесе ішінара мойындайтынын, айыптың қай бөлігі немесе қандай қылмыстық-құқықтық саралау бойынша өзін кінәлі деп мойындайтынын және айыптың қай бөлігімен келіспейтінін не кінәні толық мойындамайтынын қамтуы тиіс.

Сонымен қатар үкімнің уәждеу бөлігінде жәбірленушінің, куәлардың айғақтары, сот отырысында зерттелген сақтауға қойылған айғақтардың, процестік әрекеттер хаттамаларының, іс материалдарының мазмұны көрсетіледі. Процестік әрекеттердің хаттамаларына және өзге де материалдарға сілтемеде қылмыстық істің томдары мен беттері көрсетілуі тиіс.

Нормативтік құқықтық актілердің, қажет болған жағдайда ережелері қаралып отырған қылмыстық іске қатысы бар Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың қолданылуы да осы бөлікте негізделеді.

Осында дәлелдемелердің талдауы, соттың айыптың дәлелденгені және әрекеттің саралануы туралы түйіндері, соттың бір дәлелдемелерді қабылдау, екіншілерінен бас тарту уәждері, қорғау және айыптау тарабының әрбір дәлелін бағалау, қылмыстың қайталануының түрі және жаза туралы шешімдері азаматтық талап бойынша, заттай дәлелдемелер, процестік шығындарды бөлу туралы және ҚПК-нің 390-бабында көзделген өзге де мәселелер бойынша негіздеме сол бірізділікпен келтіріледі. Уәждеу бөлігі қарар бөлігінде жазылатын шешімдердің негіздемесі болып табылады, сондықтан ол оған қайшы келмеуге тиіс.

17. Айыптау үкімінің уәждеу бөлігінде өзінің көзқарасын негіздеуге келтірген сотталушының дәлелдеріне берілген баға жазылады.

Сотталушы сотқа дейінгі іс жүргізу кезінде іс бойынша берген айғақтарын өзгерткен жағдайда, сот оның барлық айғақтарын жан-жақты тексеріп, оларды өзгерту себебін анықтауы, оларға басқа дәлелдермен бірге объективті баға беруі тиіс.

Мұндайда сотталушының айғақ беруден бас тартуы оның кінәлілігінің дәлелдемесі болып табылмайтынын ескерген жөн. Сотталушының кінәні мойындамауын және айғақ беруден бас тартуын өзіне тағылған айыптан қорғану тәсілі деп бағалаған жөн және бұл оның жеке басын жағымсыз тұрғыда сипаттайтын мән-жай ретінде қарастырылмауға тиіс.

Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 9) тармақшасына сәйкес ешкімді өз мойындауы негізінде ғана соттауға болмайды. Осыған байланысты сотталушының өз кінәсін мойындауы іс бойынша жиналған өзге дәлелдердің жиынтығымен кінәлілігі расталған жағдайда ғана айыптау үкімінің негізіне алынатынын соттардың ескергендері жөн.

18. Кінәсіздік презумпциясына орай және ҚПК-нің 19-бабына сәйкес айыптау үкімін болжамдарға негіздеуге болмайды және ол анық дәлелдердің жеткілікті жиынтығымен расталуы тиіс.

Үкімнің мәтіні қосымша дәлелдемелерге қатысты тараптардың өтінішхаттары, олардың қатыстылығы, жарамдылығы мен анықтығы жөнінде, егер басты сот талқылауында осы өтінішхаттар бойынша жеке қаулы ретінде шешім қабылданбаса, уәжді шешімді қамтуы тиіс.

Іс бойынша туындаған барлық болжамдар зерттелуге тиіс. Дәлелдемелердің арасындағы қайшылықтар анықталуға әрі бағалануға жатады. Сотталушының кінәлілігі жөнінде сөйілмеген күдік, сондай-ақ қылмыстық және қылмыстық-процестік заңдарды қолданған кезде туындайтын күмәндер оның пайдасына шешілуге тиіс.

19. Үкімнің уәждеу бөлігінде дәлелдемелерді келтіре отырып, сот оларды атаумен және мазмұнын келтірумен ғана шектелмей, сонымен бірге оларды жан-жақты талдауға, сотталушыны кінәлайтын және ақтайтын, соттың түйіндерін бекітетін және осы түйіндерге қайшы келетін барлық дәлелдемелерге баға беруге міндетті.

Бірнеше сотталушыға қатысты істі қараған кезде не сотталушы бірнеше қылмысты жасаған деп айыпталса, онда сот әр сотталушыға және әрбір айыптауға қатысты дәлелдемелерді талдауы қажет. Дәлелдемелерді келтіре отырып, олардың қандай мән-жайларды бекітетінін, қайсысын жоққа шығаратынын, қандай себеппен бір дәлелдемелер дұрыс деп танылып, екіншілері қабылданбайтынын көрсету қажет.

Дәлелдемелерді бағалаған кезде соттардың Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 9) тармақшасында, ҚПК-нің 112 және 125-баптарында бекітілген ережелерді басшылыққа алғаны және заңды бұза отырып алынған дәлелдемелердің заңды күшінің болмайтынын, сол себептен оларды айыптау үкімінің негізіне алуға, сондай-ақ ҚПК-нің 113-бабында көрсетілген кез келген мән-жайларды дәлелдеу кезінде қолдануға болмайтынын ескергендері жөн. Дәлелдемелер заңды бұзушылықпен алынған деп танылған жағдайда сот қандай заң бұзушылығы орын алғанын көрсетіп, оны іс жөніндегі дәлелдемелер жиынтығынан алып тастау туралы өз шешімін үкімде уәждеуге тиіс.

20. Қылмыстық істерді қараған кезде соттар тікелей сот ісін жүргізу қағидатын сақтаулары қажет. ҚПК-нің 331-бабына сәйкес үкім тікелей басты сот талқылауында зерттелген дәлелдемелерге негізделуге тиіс. Егер дәлелдемелер сот отырысында тараптардың қатысуымен зерттелмеген болса, сот өз түйіндерін растау үшін үкімде оларға сілтеме жасауға құқылы емес.

Сотталушының, жәбірленушінің, куәлардың сотқа дейінгі іс жүргізу барысында іс бойынша алынған айғақтарын жария етуге, сондай-ақ жауап алу хаттамасына қоса тіркелген олардың айғақтарының дыбыстық жазбасын, бейне жазбасын немесе киноға түсірілімдерді тыңдатып-көрсетуге және үкімде оларға сілтеме жасауға ҚПК-нің 368 және 372-баптарында көрсетілген жағдайларда ғана жол беріледі. Бұл айғақтардағы нақты деректер басты сот талқылауында тексеріліп, жан-жақты зерттеліп және расталғаннан кейін ғана сот түйіндерінің негізіне алынуы мүмкін.

Сот тергеуі қысқартылған тәртіппен жүргізілсе, үкім тергеу және анықтау жүргізу барысында алынған және тараптар сотта дау айтпаған дәлелдемелерге негізделуі мүмкін. Сотқа дейінгі тексеру кезінде алынған дәлелдемелер туралы дау туындаған жағдайда, олар тікелей сот отырысында тексерілгені және зерттелгені жөн. Сот бұл ретте сот тергеуін толық көлемде жүргізу туралы қаулы шығаруға тиіс.

21. Сотталушының жұбайы немесе жақын туысқаны болып табылатын жәбірленуші, куә айғақ беруден бас тартса, сондай-ақ сотталушының өзі немесе діни қызметші айғақ беруден бас тартса, соттың, егер іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу барысында, жауап алар алдында оларға Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 7) тармақшасындағы, ҚПК-нің 28 және 78-баптарындағы ешкімнің өзіне, жұбайына (зайыбына) және жақын туыстарына, сондай-ақ діни қызметші өзіне сеніп сырын ашқан адамдарға қарсы айғақтар беруге міндетті емес екені туралы ережелер түсіндірілген жағдайда ғана үкімде осы адамдардың бұрын берген айғақтарына сілтеме жасауына болады.

22. Сотта істі талқылау сотталушыларға ғана қатысты жүргізілетінін ескере отырып, сот үкімде сотқа тартылмаған басқа адамдардың қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәсін дәлелдейтін түйіндердің келтірілуіне жол бермеуге тиіс.

Егер қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың кейбіреулері заңда көрсетілген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылса, сот сотталушының қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу дәрежесін, оның әрекеттерін саралау және істің өзге де маңызды мән-жайларын анықтау үшін үкімде іс бойынша іс жүргізуді тоқтату негіздерін міндетті түрде көрсете отырып, сол адамдардың қылмыстық құқық бұзушылық жасауға қатысуы туралы мәліметтерді келтіре алады.

Егер кейбір айыпталушыларға қатысты іс жеке жүргізілуге бөлініп шығарылса, үкімде сотталушының қылмыстық құқық бұзушылықты басқа адамдармен бірігіп жасағаны олардың тегі ескерілмей көрсетіледі.

23. Егер сотталушы қылмыстық заңның әр түрлі баптарымен (баптардың бөліктерімен) сараланатын бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасаған деп айыпталса және олардың кейбіреулерін

жасағаны жөніндегі айып расталмаса, онда сот үкімнің уәждеу бөлігінде сотталушыны кейбір қылмыстарды жасағаны үшін айыпты деп танудың және басқалары бойынша айыптан ақтаудың уәждерін келтіруге, ал үкімнің қарар бөлігінде сотталушыны қылмыстық заңның кейбір баптары бойынша айыпты деп тану және кейбір баптары бойынша ақтау туралы тиісті шешімді тұжырымдауға міндетті.

24. Сотталушы қылмыстық заңның бір бабымен сараланатын бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық (мысалы, бірнеше ұрлық немесе жалғасқан қылмыстық әрекеттің бірнеше эпизодтары) жасаған деп айыпталған жағдайда және кейбіреулері бойынша оның кінәсі расталмаса, сот үкімнің уәждеу бөлігінде дәлелдемелерді келтіре отырып, осы бөліктегі айыпты негізсіз деп тану туралы тұжырым жасағаны жөн, ал қарар бөлігінде сотталушыны жеке эпизодтар бойынша ақталғанын көрсетуі тиіс.

25. Тағылған айыптаудың бөлігі дәлелденбеген жағдайда (саралаушы мән-жайлар дәлелденбесе немесе болмаса), егер бұл жасалған әрекеттің саралануын өзгертуге әкеліп соқтырса, сот үкімнің уәждеу бөлігінде айыптаудың осы бөлігін негізсіз деп тану туралы түйін жасап, қарар бөлігінде сотталушыны дәлелденген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп тану туралы түпкілікті шешім қабылдайды.

Тағылған айып бөлігінің дәлелденбеуі жасалған әрекеттің саралануын өзгертпесе (бап және баптың бөлігі бұрынғыдай қалса), онда соттың үкімнің уәждеу бөлігінде дәлелдемелерді келтіре отырып, айыптаудың сол бөлігін негізсіз деп тану туралы тұжырым жасауына жеткілікті болады.

26. Егер сотталушы бір қылмыстық құқық бұзушылықты жасаса, алайда ол қылмыстық заңның бірнеше баптарымен қате сараланса, соттың үкімнің уәждеу бөлігінде тиісті уәждерді келтіре отырып, қате тағайындалған бапты (немесе баптарды) алып тастау туралы көрсетуі жеткілікті болады.

27. Қылмыстық құқық бұзушылықты сотталушыға айып тағылмаған заңның бабы бойынша саралау қажет болған жағдайда, заңның жаңа бабы бойынша сараланған әрекеттер сотталушыға бұрын тағылып, неғұрлым ауыр қылмыстың белгілерін қамтымаған және нақты мән-жайлар бойынша басты сот талқылауында мемлекеттік айыптаушы қолдаған түпкілікті айыптан елеулі айырмашылықтары болмаған, ал айыптың өзгертілуі сотталушының жағдайын нашарлатпаған және оның қорғану құқығын бұзбаған жағдайда ғана қылмыстың саралануын осылай өзгертуге болатынын соттың ескергені жөн.

Сонымен қатар, сотталушыға неғұрлым ауыр немесе алғашқысынан ерекше айыпты басты сот талқылауы барысында прокурор ҚПК-нің 340-бабының бесінші бөлігіне сәйкес жаңа айыптау актісін жасап тағуы мүмкін екенін ескерген жөн.

Жәбірленушінің сотталушыға неғұрлым ауыр немесе бастапқыдан ерекшеленетін айыпты тағу туралы өтінішхаты оны прокурор қолдаған жағдайда ғана қанағаттандырылуға жатады.

Санкциясы неғұрлым қатаң жазаны көздейтін қылмыстық заңның басқа нормасы (бабы, баптың бөлігі) қолданылған; жасалған әрекеттің заңдық бағасын өзгертпесе де айыптауға неғұрлым ауыр жазаны немесе айып көлемін ұлғайтуды көздейтін заңға қылмыстық құқық бұзушылықтың саралануын өзгертуге әкеп соқтыратын сотталушыға қосымша тағылмаған фактілер мен эпизодтар, саралау белгілері, жағдайын ауырлататын мән-жайлар енгізілген кезде айыптау неғұрлым ауыр деп есептеледі.

Нақты мән-жайлар бойынша алғашқыдан ерекше айыптау деп сотталушының қорғану құқығын бұзуға алып келетін ҚПК-нің 299-бабы үшінші бөлігінің 1), 2), 3) 4) тармақтарында аталған мән-жайлар мен мәліметтердің кез келген өзгеруін есептеген жөн.

28. Егер бұрын тағылған айып тек жәбірленушінің шағымымен ғана қозғалуға жататын істер бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты көздейтін қылмыстық заңның бабына қайта саралануға жататын болса, (ҚПК-нің 32-бабының екінші және үшінші бөліктерінде көрсетілген), сот істе сотталушыны қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы жәбірленушінің арызы немесе сот отырысында ауызша өтініші болған жағдайда, сотталушының әрекеттерін қылмыстық заңның аталған баптары бойынша саралап, айыптау үкімін шығара алады.

Істе жәбірленушінің сотталушыны қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы арызы (шағымы) болмаған жағдайда немесе ол сот отырысында айыптаудан бас тартса, немесе өзінің сотталушымен татуласқаны туралы мәлімдесе, онда сот сотталушының әрекеттерін қылмыстық заңның жоғарыда аталған баптары бойынша саралау қажеттігі туралы тұжырымды негіздеп, қаулымен ҚПК-нің 35-бабы бірінші бөлігінің 5) тармағының және 343-бабының негізінде іс жүргізуді тоқтатады.

Істе жәбірленушінің шағымы болмаған жағдайда не ол сотталушыны қылмыстық қудалаудан бас тартса, онда прокурор жеке немесе жеке-жариялы тәртіппен қудаланатын қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін айыптауды ҚПК-нің 32-бабының төртінші бөлігінде көрсетілген мән-жайлар болған жағдайда ғана сот отырысында қолдауы мүмкін. Осындай мән-жайларда істі қарау негіздері болған жағдайда іс айыптау үкімін шығарумен аяқталады.

29. Сотталушының әрекетін бағалауға жататын белгілер бойынша (мысалы, аса қатыгездік, қоғамды көрінеу сыйламау, елеулі түрде құқықтарды бұзу, туындаған ауыр салдар және т.б.) қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін кінәлі деп тани отырып, сот үкімнің уәжді бөлігінде жасалған әрекетте сол немесе өзге саралау белгісінің болуы туралы қорытынды жасау үшін негіз болып табылатын мән-жайларды келтіруге міндетті.

30. Басты сот талқылауында анықталған қылмыстардың қайталануын тану негіздері үкімнің уәждеу бөлігінде жазылады. Қайталану түрі үкімнің қарар бөлігінде көрсетілуге тиіс.

31. Бірнеше эпизодтан тұратын іс бойынша үкім шығарған кезде соттың қылмыстық құқық бұзушылықтың белгіленген мән-жайларын әр эпизод немесе қылмыстық құқық бұзушылық бойынша кінәлілік және әрекеттің заңдық бағасы туралы соттың түйіндерін растайтын оқиғалар мен дәлелдердің ретін ескере отырып, жеке баяндауға мүмкіндігі бар. Бұл ретте соттың дәлелдемелерді талдағаннан кейін және эпизодтар бойынша айыптылардың әрекеттерін саралағаннан кейін үкімнің уәждеу бөлігінде әр сотталушыға қатысты дәлелденген айыптың көлемі туралы және оның әрекеттерін түпкілікті саралау туралы жинақталған түйінді жалпы негіздегені жөн.

32. ҚПК-нің 340-бабында көрсетілген басты сот талқылауының шегі тек айыпкерге қатысты және егер ол алдын ала тыңдау немесе басты сот талқылауы барысында өзгертілмесе, сотқа берілген айыптаудың көлемінде ғана жүргізіледі.

Егер мемлекеттік айыптаушы айыптауды өзгертсе және жәбірленуші бұрынғы айыптауды талап етпесе, онда сот шешім шығарған кезде сот тергеуі немесе сот жарыссөздері барысында түпкілікті тұжырымдалған жаңа айыптауды басшылыққа алады.

Мемлекеттік айыптаушы және жәбірленуші айыптаудан толық бас тартқан жағдайда уәжді қаулы шығарылып, іс бойынша іс жүргізу тоқтатылады.

Егер мемлекеттік айыптаушы айыптаудан бас тартып, жәбірленуші бұрынғы айыптауды талап етсе, онда сот прокурорды бұдан әрі процеске қатысудан босатып, жеке айыптаушының немесе оның өкілінің қатысуымен істі қарауды жалғастырады және сотталушы сотқа берілген айыптауды негізге ала отырып, анықталған мән-жайларға орай айыптау немесе ақтау үкімін шығарады.

Мемлекеттік айыптаушы және жәбірленуші айыптаудан ішінара бас тартқан жағдайда сот бөлек қаулы шығару арқылы істің сол бөлігінде сот ісін жүргізуді тоқтатады. Бұл қаулы айыптаудың қалған бөлігі бойынша шығарылатын үкіммен бірге шығарылады.

Айыптау өзгертілген жағдайда, сотта мемлекеттік айыптаушының жазбаша түрде ұсынған айыптаудың жаңа уәжді тұжырымдамасы болуға тиіс. Мемлекеттік айыптаушының айыптаудан толық не бір бөлігінен бас тартуы да сотқа уәждер келтіріліп, жазбаша түрде ұсынылуы қажет.

33. Егер сотталушыға қылмыстық заңның бірнеше баптары бойынша айып тағылса және сот басты сот талқылауы кезінде олардың кейбіреулері бойынша істі тоқтату қажеттігі туралы түйін жасаса, онда бұл туралы шешім бөлек қаулыда баяндалады, ал үкімде сотталушыны басқа қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша айыптаудың тоқтатылғаны көрсетіледі.

34. Сотталушының әрекеттерін саралау мәселесін шешкеннен кейін сот үкімнің уәждеу бөлігінде ҚК-нің 52-ден бастап 64-ті қоса алғандағы баптарында, 81, 82, 83-баптарында көрсетілген қағидаларды сақтай отырып,

кінәліні жазалау жөнінде түйін жасайды. Бірнеше адам айыпталған жағдайда жаза тағайындау туралы түйін әрқайсысына қатысты жеке жасалады.

35. Айыптау үкімін шығарған кезде сот қылмыстық істе мәлімделген азаматтық талапты қарауға, ол бойынша тараптарға сөз беруге, үкімде олардың пікірін келтіруге және материалдық заңға сілтеме жасай отырып, ҚПК-нің 170-бабында көрсетілген шешімдердің бірін қабылдауға міндетті. Қойылған талап толық не ішінара қанағаттандырылған жағдайда үкімде оны өз еркімен орындау үшін мерзім белгіленеді.

Егер сот өз әрекеттерімен мүліктік зиян келтірген бірнеше сотталушыға қатысты істі қараса, онда үкімде дәлелдерін келтіре отырып, өндіріп алу азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің ортақ немесе үлестік нысанында жүзеге асырылатынын көрсетеді.

Азаматтық талап арыз бойынша жан-жақты есеп-қисап жүргізу мүмкін болмаған жағдайда және бұл мән-жай қылмыстық құқық бұзушылықты саралауға әсер етпесе, сот уәждерін көрсете отырып, азаматтық талапкердің талап арызды қанағаттандыруға құқығын танып, оның мөлшері жөніндегі мәселені азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға тапсырады.

Талап арыздан бас тартуды қабылдау туралы мәселені шешкен кезде сот бұл әрекеттердің заңға қайшы келмейтінін, басқа адамдардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін бұзбайтынын тексереді. Бұл ретте ҚПК-нің 169-бабының үшінші бөлігіне сәйкес соттың талап арыздан бас тарту бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулыны сот талқылауының кез келген уақытында, бірақ үкім шығару үшін кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін қабылдайтынын ескерген жөн.

36. Қылмыстық іс бойынша азаматтық талап арыз берілген кезде мемлекеттік салықтан тек талапкер босатылатынын ескере отырып, сот талап арыз толық не ішінара қанағаттандырылған жағдайда, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 117-бабының бірінші бөлігінің негізінде жауапкерден (жауапкерлерден) мемлекет кірісіне толық не талап арыздың қанағаттандырылған бөлігіне қарай мемлекеттік бажды өндіру туралы мәселені шешеді.

Осыдан кейін заттай дәлелдемелердің мәселесі және процестік шығындар туралы шешімдердің уәждері келтіріледі, бұл ретте сот ҚПК-нің 118-бабы үшінші бөлігінің, 177, 178-баптарының талаптарын басшылыққа алады.

ҚПК-нің 173-бабында көзделген жәбірленушілердің кейбір санаттарына өтемақы төлеу «Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 10 қаңтардағы №131-VI Заңының ережелеріне (бұдан әрі - Қор) сәйкес қылмыстық қудалау органы шешімінің негізінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жүргізеді. Аталған қордан жәбірленушіге өтемақы ретінде төленген ақшаны қайтару, Қорға мәжбүрлі төлемдерді өндіріп алу туралы сотталушыға қойылатын регрестік талаптар және олардың мөлшерлері де айыптау үкімінің

қарар бөлігінде көрсетілуге тиіс. Мәжбүрлі төлемнің мөлшері ҚК-нің 98-1, 98-2-баптарында көзделген тәртіппен анықталады және 2018 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

